

Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 14 мамырдағы № 148 "Мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін Ақтөбе облысының коммуналдық мүлкін жалдау төлемінің есептік ставкаларын анықтау Қағидаларын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 367 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 қазанда № 4048 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 5 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 12.01.2016 № 5 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 14 мамырдағы № 148 "Мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін Ақтөбе облысының коммуналдық мүлкін жалдау төлемінің есептік ставкаларын анықтау Қағидаларын бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3918 болып тіркелген, "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде 2014 жылғы 10 маусымда жарияланған) мынадай өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

Жоғарыда аталған қаулымен бекітілген мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін Ақтөбе облысының коммуналдық мүлкін жалдау төлемінің есептік ставкаларын анықтау қағидаларында:

3 тармақта, кестеде 2 жол мынадай мазмұндағы азат жолмен толықтырылсын : "білім мекемелерінің барлық инженерлік-техникалық коммуникациялары бар объектілер үшін; қандай да бір коммуникациялар болмаған жағдайда әр түрі үшін 0,1 кемиді 1,0";

4 жолда "білім мекемелеріндегі буфет пен асханалар 1,0" деген азат жолдағы "1,0" деген сандар "0,5" деген сандарға ауыстырылсын.

2. "Ақтөбе облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК